

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 6 маусымдағы № 242 Жарлығы.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлыққа 2-қосымша осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2023 жылғы 6 маусымдағы
№ 242 Жарлығына
ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентінің
1999 жылғы 22 қаңтардағы
№ 29 Жарлығына
2-ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасы прокуратурасының
ЖАЛПЫ ШТАТ САНЫ**

Қазақстан Республикасының прокуратурасы, оның ішінде: Бас прокуратура, Құқық қорғау органдары академиясы, прокуратура органдары. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің аумақтық және оларға теңестірілген органдары	5836
---	------